

Диссертациялық кеңестің 2016 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы (6D020500 – Филология; 6D020700 – Аударма ісі; 6D021000 – Шетел филологиясы, 6D021400 – Әдебиеттану; 6D050400 – Журналистика; 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті) білім мамандықтары бойынша құрылған (PhD) философия докторы дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдиманұлы Өмірхан.

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ ректорының 2016 ж. « 31 » наурыз № 103 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске 6D020500 – Филология; 6D020700 – Аударма ісі; 6D021000 – Шетел филологиясы; 6D021400 – Әдебиеттану; 6D050400 – Журналистика; 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті мамандықтары бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Диссертациялық кеңесте өткізілген отырыстың саны туралы деректер: 6

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Филология ғылымдарының докторы, профессор Э.Д. Сүлейменова.

Қалған мүшелер толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Дюсембина Гулсамал Ерболовна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі (саяси мәтіндер негізінде)» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы;

2. Жалалова Акшай Максұтовна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы;

3. Ускенбаева Рауза Муталиповна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы қорғауға қабылданды.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1. Диссертация тақырыбы өзектілігінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережесінің» талаптарына сәйкестігі:

Дюсембина Гулсамал Ерболовнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі (саяси мәтіндер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Әр халықтың, ұлттың, этностың танымдық үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдау, зерделеу, тұжырымдау өрісі мерзімді баспасөздегі саяси дискурста кең көрініс тапқан. Мұндай таным үдерісі автор-адресанттардың ойлау, пайымдау, өмірді қабылдау қасиеттерімен бірге тілдік ерекшеліктерінен де анық аңғарылады. Саяси мәтінде танымдық тұрғыдан зерделенетін тілдік-аксиологиялық тұжырымдар мол. Солардың арасында ерекше орын алған мәселе – «Билік», «Халық», «Елбасы» концептілерінің төңірегіндегі бағалаушылық пікір. «Билік», «Халық», «Елбасы» ұғымдарына қатысты лингво-мәдени-танымдық бірліктер этностың құндылықтық танымы мен тіл сабақтастығы тұрғысынан толыққанды зерттеу объектісіне айналды деу қиын. Осыған орай Билік, Халық, Елбасы ұғымдарының концептілік аясын ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың лингвомәдени, когнитивтік-концептуалдық, уәждік аспектілерін тіл заңдылықтары негізінде саралау қазіргі өзекті мәселе бола отырып, этносты терең тануға әрі құндылықтық танымын білуге көмектеседі. Осы орайда антропоөзектік бағытқа сәйкес құндылық негізді концептілер арқылы мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесін ашу – ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын тануда да маңызы зор. Демек, мақсаты мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесін және оның репрезенттелу ерекшеліктерін лингвокогнитивтік тілдік құралдар негізінде зерттеу болып табылатын диссертациялық зерттеу еңбегі қазіргі тіл біліміндегі аса өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сәйкесінше құндылық категориясындағы концептілер арқылы саяси дискурстағы ғаламның аксиологиялық бейнесін таныту тақырып өзектілігі болып шығады. Бұл жұмыс осы аталған көркем дүниелер арқылы әлемнің құндылық бейнесін тануға өзіндік үлесін қоспақ.

2. Жалалова Акшай Максutowнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Риторикалық құрылым теориясы тұрғысынан қазақ тілінің ағылшын тілімен салыстырмалы түрде интонациялық-дискурстық сипатын айқындауда экспериментті-фонетикалық талдау әдісін қолдану, екі тілдің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын инструменталды-акустикалық эксперимент көмегімен суперсегментті фонетика тұрғысынан талдау, дискурс деңгейлерінің коммуникативтік маңызын, семантикалық, синтаксистік құрылымын айқындауда диктемаларға топтасуын не мүшеленуін көрсету, диктеманың мағыналық жіктерге мүшеленуіндегі просодикалық құралдар табиғатын салыстыру, диктемалардың дискурстық бірліктерге мүшеленуін анықтау, риторикалық байланыстардың иерархиялы көрінісі, ядро мен сателлит байланысы, дискурстың макро/микроқұрылымдарын айқындауда көрініс беретін интонация мен просодикалық тәсілдерді коммуникативтік жағдаят тұрғысынан прагматикалық бағытпен тығыз байланыста қарастыру, яғни интонацияның қолданылу ерекшеліктерін зерттеу тақырыпөзектілігінкөрсетеді.

3. Ускенбаева Рауза Муталиповнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі мифтік-танымдық құрылымдардың тілдік ерекшелігі туралы зерттеу еңбектері болғанымен, нақты мифологемалар жүйесі антропоөзектілік аспектіде, этностың танымдық дүниесінің ұлттық сипаты осы кезге дейін қазақ тіл біліміндегі танымдық лингвистикада арнайы қарастырылмағаны белгілі. Осыған байланысты таным – мәдениет – тіл үштігінің принциптері негізінде, мифологиялық шығармалардағы мәдени-этнотанымдық мәні зор тілдік фактілер – мифологемалар этнотанымдық құрылым тұрғысында ғылыми талдау қай кезде болса да өзекті мәселе болып табылады.

Қазақ халқының көне мәдени мұрасы болып саналатын мифологиялық шығармалардың тілдік тұрғыдан әлі де толық қарастырылмаған қырлары бар. Осының

негізінде, мифологиялық шығармалардағы мифологемалардың этномәдени-танымдық табиғатын айқындап, келер ұрпаққа таныту қажеттігінің туындап тұрғаны айқын. Сол себептен ұлттық мәдениеттің қайнар көзі мифологиялық шығармалардағы мифологемалардың лингвомәдени ерекшелігін анықтау арқылы тілдік құбылыстардың табиғатын, қолданылуын, семантикалық жағынан өзгеріске ұшырауын, ұлттық танымды меңзейтін ұлттық-мәдени ерекшелігін айқындайтын танымдық ақпараттарды жан-жақты зерттеу тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы.

Қорғалған диссертациялық жұмыстар филология ғылымының дамуындағы жаңа, ірі жетістік ретінде аталды. Қорғалған диссертациялар тақырыптары жоспарлы зерттеулермен байланысты. Тақырыптар фундаменталды зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми мекеме және жоғары оқу орындарының жоспарларына енеді. Қолданбалы маңызы бар диссертация нәтижелерін салалық, салааралық деңгейде енгізуге болады.

Қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау. Зерттеу нәтижелері аксиологиялық лингвистика саласының одан әрі қарай дамып қалыптасуына септігін тигізеді. Сондай-ақ когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, мәтін лингвистикасы мен лингвостилистикаға байланысты зерттеулерді толықтыруға әрі тереңдетуге өзіндік үлесін қосады, зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Мәтін лингвистикасы», «Когнитивтік лингвистика», «Аксиологиялық лингвистика», «Лингвосаясаттану», «Медиалингвистика» сияқты ғылыми курстарды және арнаулы семинарларды жүргізуде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдар интонология саласының одан әрі қарай дамуына септігін тигізеді. Жұмыстың нәтижесі жоғары оқу орындарында «Интонология», «Суперсегментті фонетика», «Теориялық фонетика», «Салыстырмалы фонетика», «Дискурс талдау теориясы», «Қолданбалы лингвистика», «Прагмалингвистика», «Мәтін лингвистикасы» сияқты ғылыми курстар мен филология және лингвистика мамандықтарының арнайы практикалық курстарын жүргізуге, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жасауда, сонымен қатар радио және телеарналар қызметінде, сахна өнерінде, риторикаға қатысты пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдар қазақ тіл білімі теориясының этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, лексикология салаларын теориялық тұрғыдан одан әрі байыта түседі. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ тіл білімінің даму тарихы, этимология, лексикология, когнитивтік лингвистикаға арналған пәндерден дәріс оқу барысында, сонымен бірге оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарына қолдануға болады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Жалалова Акшай Максұтовнаның «Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензент Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор, доцент Қарағойшиева Данель Алмасбекқызының пікірін келтірсек.

Дискурстың өзі қазақ тіл білімінде нақты анықталмаған мәселе болып табылатындықтан, оның ең бастысы түсініктемесін айқындап алу, басты өзекті мәселе деп таным. Диссертанттың айтуынша, дискурсты диалог тұрғысынан қарастыру, оны екі тіл материалы бойынша автордың прагматикалық ниетін жеткізудегі дискурс-диалог репликаларының просодикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу аталмыш жұмыстың өзекті мәселесінен тұрады деп баса айтқым келеді. Сонымен қатар жалпы, егер атап өтетін болсақ, Қазақстанда интонация тақырыбына сәйкес қорғалып жатқан көптеген

зерттеу жұмыстарымен ұштасып, байланыс тапқан. Және диссертанттың жұмысындағы инструменталды әдіс ПРААТ бағдарламасы бойынша орындалып отыр. Бұл профессор С.Оде және голландиялық топтың ұйымдастыруымен және Э.Д.Сүлейменованың басшылығымен жазылып, ең алғашқы қолданылған бағдарламаның бірі болатын. Енді ары қарай осы бағдарламаның жалғасын тауып, қолданылып отырғанын айтқым келеді. Уақытты үнемдеу мақсатында, диссертациялық жұмыстың кемшіліктеріне тоқталып кетейік: 1) 2.4 - «Инструменталды-акустикалық талдау» атты тараудың 108-114 беттеріндегі берілген кестелердің төменгі бөлігінде бірден сипаттама берілсе, жұмыстың техникалық тұрғыда құрылымы ыңғайлырақ болар еді демекпін.

2-тараудағы 1.1.2-«Дискурс және тілдік тұлға қатысымы» атты тараушасы екі беттен ғана құрастырылғандықтан, алдыңғы немесе кейінгі тараушаға қосып немесе кеңейтсеңіз, жұмыстың құндылығы одан да артар еді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми зерттеу жұмыстары тақырыптары өзектілігін үш тілділік туралы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалуына сараптамалар қажет;

Ғылыми кадрларды дайындауда ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жариялануын мынадай базалармен кеңейту керек: World Scientific, Wiley InterScience, TAYLOR & FRANCIS, Springer

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

	6D020500 – Филология мамандығы бойынша
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	3
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	3
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	3
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	3

Диссертациялық кеңестің төрағасы
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, саяси
ғылымдарының докторы, профессор

Мөр
Күні, айы, жылы



Ө.Әбдиманұлы

Г.С. Сұлтанбаева